

**«6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Данаева Нурлыайым Турсынбайқызының «Этнокөсемсөз: дәстүр және жанашылдық (1991-2016 ж.ж.)» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Еліміздегі ғылымның даму бағыттары басымдықтарының ішінен 7.2 «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілінің, дәстүрлер мен құндылықтарының ортақтығы бабына және 7.2.7 Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары бағыттарына сәйкес келеді. «6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Н.Данаеваның докторлық диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» атты ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі жоғары, сол себепті отандық ғылымға өзіндік үлесін қосатыны анық. Зерттеу нысанын оңтайлы жүйелеу және тақырыптың маңыздылығын айқындау нәтижесіне қарағанда диссертациялық жұмыстың тақырыбы толыққанды ашылған. Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында «Этнокөсемсөз» саласының ұғым-түсінігін, жанрлық табиғатын, мақсаты мен міндеттерін жан-жақты қарастырып, іргелі зерттеу еңбегіне арқау боларлық, ғылыми жаңалығы бар, тың әрі өзекті проблемаларды қозғаған. Зерттеу жұмысында диссертант этнокөсемсөздің мәдени, тарихи, экономикалық байланыстармен сабақтастығын талдай отырып, қоғамдық санаға ықпалын арттырудағы дәстүрлік мәнін зерттеуге тырысқан. Өз тарапынан да ғылыми көзқарас тұрғысында тың зерттеулерге орын берген. Қазіргі жаһандану заманындағы этнокөсемсөз

			саласының маңыздылығын ашып көрсетуге айырықша назар аударылған. “Этнокөсемсөз” порталы деген атаумен сайт ашып, жұмыстың өміршеңдігін арттыруға мән берген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Н. Данаеваның зерттеу тақырыбы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларынан диссертацияның жазу деңгейінің жоғарылығы және өз тарапынан баяндау ғылыми стилі анық байқалады.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	
		1) негізделген;	Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі нақты көрініс табады. Этнокөсемсөздің бүгінгі таңға дейінгі зерттелу деңгейіне айырықша тоқтала отырып, жалпы көсемсөз жанрларын, түрлерін, ерекшеліктерін зерттеген. Оған қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінің маңыздылығы мен мәнін айқындау арқылы зерттеу тақырыбының өзектілігін аша түседі. Этникалық басылымдардың мазмұндық, қоғамдық-саяси маңызын талдай отырып, Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңі, яғни 1991 жылдан бастап жарыққа шыққан «Ахыска» газеті, «Давар» газеті, «Наири» газеті, «Коре ильбо» газеті, «Українські новини» газеті, «Уйғур авази» газеті, «Жамият ва маърифат» атты отандық этникалық баспасөзді жан-жақты зерттейді.
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	
		1) айқындайды;	Данаева Нұрлыайым Тұрсынбайқызының қорғауға ұсынып отырған диссертациялық жұмысының мазмұны «Этнокөсемсөз: дәстүр және жаңашылдық (1991-2016 ж.ж.)» тақырыбын жан-жақты айқындайтын сапалы ғылыми жұмыс ретінде бағалауға лайық. Тақырыпты толықтай ашатын әдеби материал негізінде жан-жақты зерттеу жүргізу барысында диссертант ұсынған ғылыми тұжырымдар нақты деректермен дәйектелген. Оның қорытынды нәтижелері зерттеу тақырыбын айқындайды.
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	
		1) сәйкес келеді;	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Диссертант Данаева Нұрлыайым этнокөсемдің беймәлім тұстарын ашып көрсете білген. Этнобасылымдардағы шығармалар мен журналистік туындылардың жанрлық ерекшеліктерін зерттеп, оның отандық БАҚ-тағы рухани-эстетикалық ықпалын анықтауды алдына мақсат етіп қойған және осы мақсат толық орындалған. Этнокөсемсөз терминін қолдануды ұтымды ұсына отырып, алға қойған міндеттер өз межесіне жеткен.

		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	
		1) толық байланысқан;	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен жалпы құрылымы логикалық жағынан да тығыз байланысып, алынған нәтижелері өзара үндестік танытады. Бір-бірімен қабыса байланысады. Диссертация құрылымы Кіріспеден, 3 бөлімнен, әр бөлім 3 тараушадан және қысқаша тұжырымдардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдерге сәйкес салыстырмалы зерттеулерге ұласқан. Зерттеушінің өз тарапынан жасаған ғылыми көзқарастары жеке дара көрсетіледі. Осыған дейін ғалымдар тарапынан ұсынылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сыни-талдауларынан өтіп отырады. Өзіндік тың пайымдаулар мен ғылыми тұжырымдар да бар. Диссертацияда 2010 жылдары Қазақстан қоғамында қызу талқыланған Қазақстанның «Ел бірлігі» доктринасы туралы зерттеулер жасалған. 2009 жылдан бастап Қазақстанда осы доктрина туралы үлкен айтыс-тартыстар болып, нәтижесінде
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			2010 жылы ұлтаралық татулық пен бірлікте маңызды рөл атқаратын құжат қабылданған болатын. Осыған орай «Жас Алаш» газеті мазмұнды талапқа сай пікірлер берген. «Ұлт бірлігі» доктринасы қабылданған кезде БАҚ бетінде биліктің көзбояушылық әрекеті немесе ұлт жанашырларының саяси ұстанымының әлсіздігі ретінде көрініс тапса, енді бірі мұны ұлт зияларының жеңісі деп санады. Ұлт жанашырларына орынсыз кінә артып, «билікке сатылды» деген негізсіз жала жапқандар да кездескен. Диссертант осындай деректерді мысалға келтіре отырып, «Ұлт бірлігі» доктринасын қоғамдық келісімнің негізінде жасалған құжат деп тану орынды болмақ деп тұжырым жасаған. Осы тұста халықтың талап-тілегін жеткізген қоғам қайраткері ақын Мұхтар Шаханов, Жанболат Мамай бастаған оппозициялық партия жетекшілері ел бірлігінің мәнін халыққа жеткізе білді. Ізденуші бұған дейін жазылған түрлі пікірлерге назар аудара отырып, өзіндік тұжырымдарын сыни-талдаулар ретінде көрсеткен.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	Диссертацияның зерттеу нәтижелері мен қағидаттарын толығымен жаңа деп тануға болады. Зерттеу жұмысы журналистика саласында алғаш рет қолға алынып отырғандықтан оның жаңашылдық деңгейін жоғары деп бағалауға болады.

			Этнокөсемсөз тұрғысынан жасалған талдаулар жаңа ғылыми нәтижелер алуға көмегін тигізген.
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған. Диссертациялық жұмысты этнокөсемсөз (этнопублицистика) саласын зерттеуге арналған алғашқы ғылыми жұмыс ретінде толыққанды бағалауға болады. Еліміздегі этникалық БАҚ-ты дамыту этностық-ұлттық бірдейлікті қалыптастырудың маңызды факторы. Этнокөсемсөз саласын өз алдына жеке дара қарастыру тек журналистиканы ғана емес, жалпы отандық ғылымды дамыту мен еліміздегі ұлтаралық қатынастарды реттеп отыруға жол ашады деп қорытындылауға болады.
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыс “6D050400-Журналистика” мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, экономикалық немесе
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың бөлімдерінің соңында келтірілген қорытындылар ғылыми тұрғыдан алғанда көлемді, жан-жақты дәлелдемелермен негізделген. Әрбір бөлімдері мен тараушалардың ішкі сипаты қорытындыда ауқымды негізделген. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде пайда болған тұжырымдары дәлел бола алады: - Елімізде ұлттық диаспоралар шығарып жатқан газеттер мен журналдардың отандық журналистикаға қосып жатқан үлесін айқындап, оқырмандарға дер кезінде жеткізіп отыру маңызды болмақ; - Қазақстанда жарық көріп жатқан этностық басылымдардың ұлтаралық татулыққа, ұлттар мен ұлыстардың бірін бірі тануына, өз-ара түсінісуіне, құрметтеуіне жол ашатын зор мүмкіндіктер деп қарастырған жөн; - Қазақ тілінде жарық көріп жатқан барлық этникалық басылымдар тіліміздің, тарихымыздың, дәстүріміздің ұрпақ санасында үнемі жаңғырып отыруына орасан зор ықпал етеді; - Барлық басылымдарда жарық көрген түрлі этностық ұлт өкілдері туралы – оның тарихы мен тағдыры, бүгіні мен болашағы, салты мен дәстүрі, әдеті мен әдебі, кәсіптері мен ғұрыптары, өнері мен мәдениеті туралы жарияланымдардың

			жиынтығын «этнокөсемсөз» деп атау қажет; - Ұлттық диаспора өкілдері жариялап келе жатқан бұқаралық ақпарат құралдары мазмұны мен пішініне сәйкес «этножурналистика» деп аталуы тиіс; - Этнокөсемсөз деп ұлт туралы, оның тілі, тарихы, тағдыры, дәстүрі, салттары мен ғұрыптары, өнері мен мәдениеті, кәсібі мен шаруашылығы туралы жазбаша жарық көрген жарияланымдардың мазмұндық-пішіндік жиынтығы деп тұжырымдай аламыз; - Этнокөсемсөз – этникалық түрлі ұлттар мен ұлыстар өмір сүріп жатқан аймақтарда аса маңызды болып саналатын журналистік-публицистік туындыларға берілетін айқындама.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	7.1. Негізгі қағидаттар толық дәлелденген . Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған.
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	

		1) ия;	
		2) жоқ;	7.2. Әрбір қағидат тривиалды емес деп саналады. Автор қағидаттары ерекше тәсілмен, жан-жақты қарастырылған.
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	7.3. Мейлінше жаңа . Журналистика саласындағы зерттеулерде осыған дейін осы диссертацияда талданған мәселелер арнайы зерттеу көзі болған емес. Сол себепті нәтижелері де тың жаңалығымен үйлеседі.
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	7.4. Қолдану деңгейі кең . Зерттеудің нәтижелерін журналистер даярлайтын жоғары оқу орны оқытушылары мен мектеп мұғалімдеріне, студенттер мен магистранттарға, ізденушілерге қажетті теориялық-практикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін көмекші құрал ретінде ұсынуға болады. Сондай-ақ этникалық журналистика туралы оқытылатын пәндер бойынша бағдарламалар мен оқулықтар құрастыру кезінде нақты ғылыми-деректік мәліметтер ретінде қолдануға болады.

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	7.5. Ия. Зерттеу жұмысы барысында 13 мақала жарияланып, жұмыс толық апробациядан өткен.
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ізденістері басшылыққа алынған. Диссертация этникалық БАҚ-ты талдауға және олардың сапалық, сандық сипаттамаларына кешенді баға беруге негізделген. Сонымен қатар жұмыста тарихи жүйелеу, жинақтау, тұжырымдар жасау, құрылымды-функционалды, кешенді және салыстырмалы талдау әдістері қолданыс тапқан.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	
		1) ия;	Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғандығы байқалды.

		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысының мазмұнында тақырыптың ашылу дәрежесі эксперименттік зерттеулер негізінде дәлелденген. Диссертациялық жұмыста жасалған теориялық қорытындылар мен тұжырымдар қазақ журналистикасының тарихи-теориялық негіздері дамуына үлкен септігін тигізеді. Сонымен қатар жекелеген этникалық басылымдардағы жарияланымдардың ерекшеліктері мен ықпалын тереңінен түсініп-білуге, этнокөсемсөз мәтінінің құрылымын сараптауға, этнокөсемсөздегі ұлттық бірегейлік пен ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін талдап, таразылауға көмегін тигізеді. Ал, зерттеу тақырыбына сай ашылған электронды портал - барлық зерттеулердің жемісі. “Этнокөсемсөз” сайтында көрсетілген этнобасылымдардың қолжетімділігі болашақ ізденушілерге жасалған мүмкіндік пен бағыт-бағдар деуге болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын этнобасылымдар, журналдар, диссертациялық жұмыстар, ТМД елдері ғалымдарының зерттеулері, мерзімді баспасөз секілді көптеген сенімді деректер мен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған. Маңызды мәлімдемелер

			нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер мен ғылыми дереккөзер жеткілікті қолданыс табады. Библиографияда журналистика бағытындағы шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық және арнайы сипаттағы әдебиеттерден тұратын 170-тен аса дереккөзі бар. Бұл көрсеткішті диссертанттың зерттеу жұмысын толық орындап шығуына толық жеткілікті деп есептеуге болады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың толық теориялық маңызы бар. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі журналистиканың, сондай-ақ оның теориялық заңдылықтарын, көсемсөз жанрын танып түсінуге және этникалық мерзімді басылымдардың типологиялық параметрлерін айқындап қарастыруға септігін тигізеді және зерттеу жұмысына қажетті дереккөз ретінде құнды болып саналады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	Этнокөсемсөз мәселесі төңірегіндегі ғылыми нәтижелер мен қорытындылар болашақта осы салаға қатысты ғылыми ізденістер жасауға бағыт-бағдар бере алады. Зерттеу жұмысында жасалған практикалық тұжырымдар этножурналистикадағы теориялық мәселелерді тереңдете қарастыруға көмектеседі. Этнокөсемсөз туралы
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	
		1) ия;	
		2) жоқ.	

			түсініктер журналистика бойынша оқылатын семинарлар мен дәрістерде, сондай-ақ «Этножурналистика» саласы бойынша білім беру бағдарламаларын игергенде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	Зерттеу жұмысының практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы шынайы. Диссертация ғылыми стильмен және нақты деректер мен мәліметтерді талдауға бағытталған. Соның нәтижесінде нақты ғылыми тұжырымдар жасауға қол жеткізген.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		<i>Зерттеуде қарастырылған «Этнокөсемсөз» порталы этникалық аралуандылықты насихаттауда және түрлі ұлт өкілдерінің мәдени мұрасын сақтауға бағытталған маңызды ресурс екені анық. Алайда диссертацияда порталға қатысты ұсынылған иллюстрациялар (сайт бетінің скриншоттары) анық емес. Бұл оқырманның ресурс құрылымы мен мазмұнын жан-жақты түсінуіне белгілі бір деңгейде кедергі келтіреді. Визуалды көркемділігін арттыру үшін техникалық реттеуді қажет етеді.</i>

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысының басты нәтижелері бойынша 13 мақала жарияланған. ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда 4, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік отандық конференцияларда 4, шетелдік конференцияларда 4 мақала жарық көрген. Сонымен қатар, Скопус базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық басылымда 1 мақала жарияланған және диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында талқыланып, сараптамадан өткен.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Ізденуші Данаева Нурлыайым Турсынбайқызының «Этнокөсемсөз: дәстүр және жаңашылдық (1991-2016 ж.ж.)» тақырыбындағы диссертациялық еңбегін талапқа сай толық аяқталған сапалы зерттеу жұмыс ретінде бағалай отырып, диссертантқа осы еңбегі үшін «6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензент:

ҚА Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
бөлімінің бастығы

Садықов Сейдулла